

«Елорда даму» ЖШС
Бас директорының
2023 ж. «08» 06
№ 27 бұйрығымен
бекітілген

«ЕЛОРДА ДАМУ» ЖШС
ІСКЕРЛІК ЭТИКА КОДЕКСІ

г. Астапа, 2023 г.

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ережелер	3
2 Жалпы мінез құлық стандарттары	3
3 Жұмыстан тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттары	4
4 Қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі мінез-құлық стандарттары	4
5 Қорытынды	6

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Елорда даму» ЖШС Іскерлік этика кодексі (бұдан әрі - Кодекс) Қазақстан Республикасының Конституциясына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан Республикасының Заңына, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес әзірленді және «Елорда даму» ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) қызметкерлерінің моральдық-этикалық бейнесіне қойылатын негізгі талаптарды, сондай-ақ олардың мінез-құлқының базалық стандарттарын белгілейді.

2. Серіктестік іскерлік этиканың мынандай қағидаттарын басшылыққа алады:

- адалдық;
- әділдік;
- ашықтық;
- жауапкершілік;
- құрмет;
- сенім.

3. Серіктестік қызметкерлерінің осы Кодекстің ережелерін білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібінің сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

4. Қызметкер жұмысқа қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Кодекспен жазбаша нысанда танысады.

2. Жалпы мінез құлық стандарттары

5. Серіктестіктің қызметкерлері:

1) Қазақстан халқының бірлігін, елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

2) адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға;

3) олар қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге міндетті;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті;

5) серіктестіктің мүдделеріне нұқсан келтіретін және серіктестіктің жұмыс істеу тиімділігіне кедергі келтіретін немесе төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

6) өзінің кәсіби деңгейін және қызметтік міндеттерін тиімді атқару біліктілігін арттыруға міндетті;

7) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалануға;

8) қызметтік міндеттерін жүзеге асыру кезінде заңдылықты қамтамасыз етуге міндетті;

9) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;

10) қызметтік міндеттерін атқару кезінде серіктестіктің сеніп тапсырылған мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті;

11) қызметтік тәртіпті мүлтіксіз сақтауға, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы орындауға, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануға;

12) іскерлік этикетті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға міндетті;

13) заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуге;

14) сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру;

15) серіктестіктің басқа қызметкерлері тарапынан іскерлік әдепті бұзудың жолын кесуге не оны болдырмау жөнінде өзге де шаралар қолдануға құқылы.

6. Серіктестік қызметкерлеріне келесі әрекеттерге жол бермеу қажет:

1) Серіктестіктің іскерлік беделіне нұқсан келтіруге қабілетті жанжалды жағдайлар;

2) үшінші тұлғалардың пайдасына шешімдер қабылдауға ықпал ету үшін немесе жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қызметтік жағдайды пайдалану;

3) тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен құқық бұзушылықтар жасаған жағдайларда;

4) қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалану;

5) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді тарату.

3. Жұмыстан тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттары

7. Қызметкерлер жұмыстан тыс уақытта:

1) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге;

2) қарапайымдылық танытуға, өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға;

3) өз тарапынан қоғамдық имандылыққа, қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғумен ұштасқан заңнама талаптарын бұзуға жол бермеуге және басқа азаматтарды құқыққа қарсы және қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тартпауға міндетті.

4. Қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі мінез-құлық стандарттары

8. Қызметкерлер қызметтік міндеттерін атқару кезінде:

1) ұжымда достық қарым-қатынастар мен сындарлы ынтымақтастықты орнатуға және нығайтуға ықпал етуге;

2) басқа қызметкерлер тарапынан қызметтік әдептің бұзылуына жол бермеу жөнінде өзге де шаралар қолдануға не жолын кесуге;

3) қызметкерлердің ұжымдағы ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан бас тартуға;

4) әріптестерінің лауазымдық міндеттерін орындауына кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге міндетті.

5) егер бұл қызметкердің құзыретіне кіретін болса, әріптестеріне қолдау және көмек көрсету.

9. Басшылар бағынысты қызметкерлермен қарым-қатынаста:

1) өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қараудың үлгісі ретінде қызмет ету;

2) қызметкерлерді оқыту және кәсіптік дамыту бағдарламаларына сәйкес өзін-өзі тәрбиелеуге және кәсіптік дамытуға ұмтылатын қызметкерлердің кәсіптік біліктілігін арттыру үшін тең жағдайлар жасауға;

3) бағынысты қызметкерлер қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға міндетті;

4) Еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді қызмет үшін қауіпсіз және қажетті жағдайлар жасауға, сондай-ақ қызметкерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне кез келген кемсітушілік пен қол сұғушылықты болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуал құруға бағытталған шаралар қабылдауға міндетті.

10. Төмен тұрған лауазымдарды атқаратын қызметкерлер:

1) басшылардың тапсырмаларын орындау кезінде объективті және анық мәліметтерді ұсынуға;

2) қызметтік әдеп нормаларын бұзудың белгілі болған жағдайлары туралы басшылықтың назарына дереу жеткізілсін;

3) басшының заңды тапсырмаларын орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге;

4) корпоративтік рәміздерге құрметпен қарауға міндетті.

11. Серіктестіктің барлық қызметкерлері осы Кодекске қатысты өзіне мынандай міндеттемелерді қабылдайды:

1) іскерлік этика талаптарын және осы Кодексте белгіленген мінез-құлық қағидаларын мұқият зерделеуге, түсінуге және адал орындауға міндетті.

2) өзінің лауазымдық функциялары мен міндеттерін адал, кәсіби, тиімді және бейтарап атқаруға;

3) мәртебесі мен лауазымына қарамастан өзіне қабылдаған міндеттемелері үшін жауапты болуға міндетті;

4) Ақпараттық қауіпсіздік талаптары мен рәсімдерін және Серіктестік қызметкерлерінің құпия сипаттағы кез келген мәліметтерін сақтауға міндетті.

5. Қорытынды

12. Осы Кодекстің нормаларын сақтау Серіктестіктің барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады. Осы Кодекстің нормаларын бұзу белгіленген тәртіпте жауапкершілікке әкеліп соғады.

13. Серіктестік қоғам алдындағы өзінің әлеуметтік жауапкершілігін түсінеді және қоғамда әлеуметтік жауапкершілікті енгізу қағидаттарын ұстанады.
